**Оқушылардың республикалық олимпиадасы**

II тур
10 - сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

***Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25 ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.***

**Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі.**

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

*9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;*

*7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;*

*5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;*

*3-4 ұпай – жауабы толық емес, дөрекі қателер кетті;*

*1-2 ұпай - сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.*

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

<table>
<tr><th>№</th><th>Пән атауы</th><th>Мазмұны</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Қазақ әдебиеті</td><td>Жолдасыңды айтайын,<br>Айтайын да қайтайын.<br>Өңшең батыр арыстанды,<br>Құнанбоз деген аты бар...<br>Үзінді қай өлеңнен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.</td></tr>
<tr><td>2.</td><td>Қазақ әдебиеті</td><td>а) Сюжет пен экспозиция<br>ә) Монолог, оның түрлері</td></tr>
<tr><td>3.</td><td>Қазақ тілі</td><td>1. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынасқа тән ерекшеліктерді атаңыз.<br>2. Жеке адам өміріне қатысты іс-қағаздар.<br>3. Берілген сөйлемдерден қате қолданыстарды тауып, себебін түсіндіріңіз:
<table>
<tr><td>а)</td><td>Бұл колхозда мен келген кезде қой басын өркендетуге мән берілмей келеді екен.</td></tr>
<tr><td>ә)</td><td>Тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары ғой, – дейді ол, – іргелі мекемелердің өздері сең соққан қайықтай күй кешіп жатқан.</td></tr>
<tr><td>б)</td><td>Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында дүние есігін ашқан. Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы Алматы облысында ауыл шаруашылық, сауда мекемелерінде</td></tr>
</table></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td></td><td>жұмыскер болып қызмет істеген.</td></tr>
<tr><td>в)</td><td>Жігіт жусан иісіне еліктеп, мас болғанын сезбеді.</td></tr>
</table>
<br>
4. Ресми стильдің өзіндік ерекшеліктерін кестеге толтырыңыз:
<br><br>
<table>
<tr><td>Қолданылу аясы:</td><td></td></tr>
<tr><td>Қарым-қатынас мақсаты:</td><td></td></tr>
<tr><td>Тілдік құралдары:</td><td></td></tr>
<tr><td>Стильдік сипаты:</td><td></td></tr>
</table>
<br>
5. Орфографиялық норма қандай қағидаттарға сүйенеді?
</td>
</tr>
<tr>
<td>4.</td>
<td>Қазақ тілі</td>
<td>Сөйлемдегі қарамен жазылған сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз.<br>
Заң бойынша жүрейік деп келгенбіз. Әкімдік арқылы естідік. Әдейілеп келгеннен соң, кезекке тұрғалы ішке өттік. Алдымызға қағаз-қалам әкелінді. Байқасақ, үдетіп келе жатыр. Қаламды тастай салдық. Бұл жігітті бұрыннан білетінбіз. Бастығыңа айтайын мен сені деп, зорға қайтардым. Оған да көнетін емес. Күш көрсеткісі келеді, әуелі. Мақтаншақ қызметкерден алыс кетпек болдым. Досым көреген еді. Ашуланбай демін ішіне тартып отырды.</td>
</tr>
<tr>
<td>5.</td>
<td>Тіл мәдениеті</td>
<td>8-10 ұпай<br>
1. Пайымдаңыз / дәлелдеңіз.<br>
2. Суреттеңіз / сипаттаңыз.<br>
3. Жарнамалаңыз / мақтаңыз.<br>
4. Болжаңыз / армандаңыз.<br>
<br>
6-8 ұпай<br>
5. Саяси тақырыпта сөйлеңіз.<br>
6. Баяндаңыз / әңгімелеңіз.<br>
7. Терістеңіз / жамандаңыз.<br>
<br>
4-6 ұпай<br>
8. Тілек айтыңыз / Бата беріңіз.<br>
9. Өлең оқыңыз.<br>
10. Көркемсөз оқыңыз.</td>
</tr>
</table>

- *Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут*